№1 педагогикалық кеңес хаттамасы

Арыс қ. 27.08.2021 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен таныстыру, талдау.
2. Оқу қызметінің кестесін бекіту.
3. Кадрларды топтар бойынша бөлу.
4.Баяндама «Жаңартылған бағдарлама –білім берудің жаңа мазмұны »
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 8-тарау, 59- бабының

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова педагогтерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтай отырып, күн тәртібінде қаралатын мәселелермен таныстырды. Педагогикалық кеңестің құрамына білім беру ұйымының басшысы (төрайымы), әдіскер, педагогтар, тәрбиешілер, психолог кіретіндігін айтты. Сонымен қатар, педагогикалық кеңестің өз құрамынан 1 жылдық мерзімге хатшы сайлау керектігін айта отырып 2020-2021оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып Ф.Алдангарова сайланғандығын естеріне түсіріп өтті.

Әдіскер Р.Кулманова 2020-2021 оқу жылында педагогикалық кеңестің хатшысы болып осы аталған адамдар кеңес хаттамасын сауатты жүргізіп, баяндама, хабарламашылардың материалдарын өз уақытында жинақтап отырғандығын айта отырып қайта сайлауды ұсынды. Педагогикалық кеңес құрамы бір ауыздан хатшы ретінде тәрбиеші Ф.Алдангарова сайлауды ұйғырды.

1 ТЫҢДАЛДЫ: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова жылдық жоспардың бөлімімен, жасалу принципімен, балабақшаның жұмыс бағыты, мақсат, міндетімен таныстырып өтті. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспары 5 бөлімнен тұрады.

2021-2022 оқу жылына Мектеп жасына дейінгі баланың жалпы адамгершілік құндылықтарын танып, біліп, меңгеру нәтижесінде баланың жеке тұлғасын, ішкі жан дүниесін қалыптастырып, тілін жетілдіріп, өзін – өзі тануы арқылы қоршаған ортаға деген көзқарасын дамыту мақсатында :

- баланың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту, толыққанды дене бітімін дамыту, салауатты өмір салтына тәрбиелеу.
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын қарапайым сүйіспеншілік, денсаулық, достық, бақыт сияқты құндылықтарға баулу.
- Баланың өз бойындағы жақсы қасиеттері негізінде жаман әдеттерден бойын

аулақ ұстауға үйрету.

- Күнделікті бірлесе атқаратын іс – қимылдар барысында балалардың бойында қоршаған орта құбылыстарымен адамгершілік қарым – қатынас жасау міндеті алынды.

Жылдық жоспарда осы міндеттерді шешу мақсатында жұмыстар жоспарланған.

Тәрбиешілер өз білімдерін көтеру бойынша жұмыс бағыттарын әр тәрбиешінің келелі мәселесіне жеке-жеке тоқталып өтті. Балабақша педагогтерге өздерінің алған мәселелері бойынша жоспарлары талқыланды.

Сондай-ақ М.Калиаскарова жылдық жоспарда семинар жоспарланғандығын айтты және кеңес беру жоспарланған. Оқу жылына 5 педагогикалық кеңес, Зәдістемелік кеңес, 3 балалардың негізгі құзіреттілігінің қалыптасуын анықтау индикаторы жоспарланды. Балабақшаның оқу-тәрбие жұмысын басқару және бақылау бойынша оперативті, салыстырмалы, тақырыптық бақылаулар әр айға жоспарланды. Оқы жыл барысында тақырыптық оқу қызметтері мен ертеңгіліктер және басқа да іс-шаралар жоспарланды. Ата-аналармен жұмыс бөлімінде 3 жалпы, 3 топтық ата-аналар жиналысы, кеңестер мен басқа да іс шаралар, ашық есік күндері жоспарланды. 2021-2022 оқу жылының жылдық жоспарын балабақша меңгерушісі, әдіскері бірігіп отырып құрды.

Әдіскер Р.Кулманова 2021-2022оқу жылына құралған ұйымдастырылған қызметінің перспективтік жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 маусым күні бекітілген №391 бұйрығының 1-қосымшасында көрсетілген сағат саны мен Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің Бес білім беру саласы бойынша оқу қызметіне құрылған перспективтік жоспар төмендегідей.

Кіші топтар үшін дене шынықтыру–108, көркем әдебиет–18, сөйлеуді дамыту-18, сенсорика -18, құрастыру–18, жаратылыстану- 36, музыка–54, сурет-36, мүсіндеу–9, жапсыру –9 сағат; Ортаңғы тобы үшін дене шынықтыру–108, көркем әдебиет–18, сөйлеуді дамыту–36, орыс тілі–18, математика негіздері –36, құрастыру–18, жаратылыстану- 36, музыка–54, сурет салу–36, жапсыру –9, мүсіндеу–9, қоршаған ортамен танысу–18, вариативтік компонент–36 сағатқа; Ересек топтары үшін дене шынықтыру–108, көркем әдебиет–36, сөйлеуді дамыту–36, құрастыру–18, музыка–54, сурет салу–36, аппликация–18, мүсіндеу–18, орыс тілі–18, қоршаған ортамен танысу–9, математика негіздері–36, вариативтік компонент–72 сағатқа жоспарланды. Енді осы бес білім беру саласы бойынша жылына 2 рет бірінші және екінші жарты жылдық бойынша балалардың даму мониторингін қамтамасыз ету мақсатында индикатор жүргізілетіндігіне тоқталды. Сондай-ақ барлық топқа баланың қалыпты дамуына және оның денсаулығын нығайтуға мүмкіндік беретін күн тәртібі құрылды. Күн тәртібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығымен бекітілген «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық

қағидаларының 3 кестесіне сәйкес құрылды (материалдары қосымша беріліп отыр). Барлық топ тәрбиешілері тақырыптық жоспарымен таныстырып өтті.

Балабақша меңгерушісі М.Калиаскарова педагогтардың біліктілігіне санатына байланысты кадр мүшелерін топтарға бөлді. Және әр тәрбиеші өз ісіне мұқият, әрі талапқа сай қарауын, балаларды жаңа бағдарлама, жаңа технологияны пайдалана отырып ойлау қабілеттерімен сөйлеу мәнерінің дамуына үлестерін аямай қосуды айтып кетті.

М.Калиаскарова кадр мүшелеріне «Жаңартылған бағдарлама-білім берудің жаңа мазмұны» атты баяндамасымен таныстырды. Баяндама талқыланды, балаға көп көңіл бөлу керектігі жайлы айтылды. Бағдарлама аясында педагог үшін мыналар маңызды болмақ: Педагог шебер сұрақ коюшы болуы қажет, себебі? Ықтимал себептері Оқудағы олқылықтарды анықтау үшін; Балалардың ойларын бағыттау үшін; Бағалау үшін;Келесі сұрақтарға түрткі болу үшін;Тақырыпты қайта қарау үшін;Қызығушылықты немесе білуге құмарлықты ояту үшін; Күрделендіру үшін; Сұрақ-жауап пен сын тұрғысынан ойлауды модельдеу үшін;Түсінуге көмектесу үшін; Бағамдау үшін. Білім берудің жаңарту жолдары біліктілікті арттыру бағдарламасының негізгі мазмұнындағы модульдер:

1. Білім беру мен білім алудағы жаңа тәсілдер.
2. Сыни тұрғыдан ойлауға
үйрету.
3. Білім беру үшін бағалау және оқуды бағалау.
4. Білім беруде ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану.
5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
6. балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және оқыту қажеттігін

атап өтті, және слайд түрінде түсіндіріліп анық тақырып қозғалды.

ШЕШІМ:

1.2021-2022 оқу жылының жылдық міндеттемесімен, жылдық жоспары бекітілсін. Жылдық жоспар негізінде жоспарланған іс-шаралар уақытылы өткізілсін. Жауапты М.Калиаскарова Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

2.Жас топтарына сәйкес құрылған оқу жоспары, күн тәртібі, оқу қызметінің жүктемелік кестесі және перспективтік жоспары бекітілсін. Ұйымдастырылған оқу қызметі бекітілген оқу жоспары мен жүктемеге, перспективтік жоспарға сәйкес жүргізілсін. Жауапты топ тәрбиешілері. Орындалу мерзімі оқу жылы барысында.

Педагогикалық кеңес төрайымы М.Калиаскарова

Хатшы Ф.Алдангарова

«Зейне-ана» балалар бақшасының педогогикалық кеңесінің

Хаттамасы №2

Қатысқандар :13адам **10.10.2021ж**

Барлық педагог ұжымы

Күн тәртібінде

1.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы №190»Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері» туралы бұйрығымен таныстыру педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерін сайлау. .

2. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдепбі және мінез құлық нормалары» туралы-семинар-тренинг аға тәрбиеші Кудреттуллаева Индира

3.Педагогтарды аттестациядан өткізу ережесімен таныстыру Г. Қарабисенова

4.Әр түрлі мәселелер.

Тыңдалды:Балабақша меңгерушісі Калиаскарова Мадина жиналысты ашып, барлық жиынға қатысушы педагогтерді күн тәртібі бойынша қаралатын мәселелермен таныстырды.Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 11 мамырындағы №190 «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» бұйрығы қабылданды. Бұйрықта «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 34-1) тармақшасына, сондай-ақ «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 5-бабының 3-тармағына және 16-бабының 1-тармағына сәйкес әзірленген. Бұйрықта педагогикалық әдеп қағидаларын және педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің жұмыстарын ұйымдастыру қағидалары бектілгенІ туралы толықтай айтып өтті Заңға сәйке педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелерін бүгінгі жиында сайлап жұмыстар жүргізілетін болады.

Бұйрыққа сәйкес Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес мүшелері бір аузыдан төмендегі құрамда сайланды:

Кеңес төрағасы: Калиаскарова Мадина - төраға;

Мүшелері: Кулманова Раушан – әдіскер;
Әбутәліп Қорлан - кәсіподақ төрайымы;
Медетбекова Ырыс –мейірбике;
Кудреттуллаева Индира-аға тәрбиешіг;

Хатшы: Алдангарова Феруза - педагог

2 мәселе бойынша балабақша аға тәрбиеші «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдебі және мінез- құлық нормалары»туралы семинар -тренинг өткізді.

1.Педагогикалық әдептің негізгі қағидалары мыналар болып табылады:

1) адалдық

Педагогтің адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде. өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) әріптестерінің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

2) әділдік

Педагог тің әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын,олардың құрған білім беру мен тәрбие ортасын айқындылығын білдіреді.Әділдік педагогке білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының (заңды өкілдерінің) әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады.

3) жеке тұлғаның абыройын және қадір –қасиетін құрметтеу;

Педагог өзінің кәсіби назарындағы обьектілер болып табылатын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының(заңды өкілдерінің) адамдардың абройы мен қадір қасиетін құрметтейді, олармен қарым –қатынас жасауда әдепті болады.

5) патриотизм:

Педагог өз Отаны –Қазақстан Республикасына, тарихына . дәстүрлеріне және тіліне адал және сүйіспеншілікпен қарайды.Қазақстан Республикасының мәдени және тарихи дәстүрлерін сақтайды, бұл қарым-қатынасты білім алушыларға береді,

5) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу және төзімділік:

Педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігне, құндылығына және қадір- қасиетіне құрметпен қарайды

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетіне тәрбиелейді. Білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына діни көз қарасына, азматтығынашығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзгеде кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар және барлық адамдардың құқығы мен қадір қасиетін құрметтеуге үйретеді.

Педагог балабақша ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады.

6)кәсіби ынтымақтастық

Педагог мамандық мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерініңабройын және қадір қасиетін құрметтейді, педагог беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Педагог. Қандай да біртұтас емес мәселелерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шағым арттыруға, шығармашылық қбілетін дамытуға,қиын жағдайға тап болған әріптестерге көмек беруге жәрдем көрсетеді.Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

6)үздіксіз кәсіби даму

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

Педагогикалық әдептің негізгі нормалары

6. Педагог қызметкер өз қызметінде;

1) Тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге;

3-мәселе бойынша балабақша әдіскері Кулманова Раушан ҚР Білім ғылым министрінің 2016 жылығы 27 қаңтарда шыққан №83 бұйрыққа енгізілген өзгерістермен 2020ж 14 мамырдағы №202 бұйрығы туралы айтып таныстырды.

ШЕШІМ:

1. «Педагогтің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық әдепбі және мінез құлық нормалары» туралы ережелерімен толықтай барлық ұжым таныстырылды.
2. Педагогтер аттестациядан өту кезінде №83 және №202 бұйрығын басшылыққа алып жұмыстар жасау балабақша әдіскері Ж. Әбдімәліковаға тапсырылды.
3. COVID -19 короновирустық инфекциясы ауруының алдын алу бойынша жұмыстар талапқа сай жүргізілсін.

Жиналыс төрағасы: М.Калиаскарова

Әдіскер: Р.Кулманова

Хатшы: Ф.Алдангарова

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№3

Жалпы педагогтар: 13
Қатысқандары: 8

03.11.2021 жыл

КҮН ТӘРТІБІ:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімдерінің орындалуы
2. Баланың білім деңгейі (бес білім беру саласы бойынша индикатор қорытындысы).
3. Денсаулық сақтау технологиясының тиімді әдіс тәсілдерінің оқу қызметтеріне енгізу.
4. Ашық оқу қызметтерінің қорытындысы.

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша әдіскер М.Калиаскарова сөз алып, тәрбиешілер балаларға күнделікті гигеналық ережелерін айтып жүргенін және әр топта қол жуу ережері ілінгенін айтып өтті. Салауатты өмір салты жайлы түсіндірме жұмыстарын жүргізу үшін ата-аналар жиналысын жасап түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өту бойынша тәрбиешілерге мерзімі бекітілді. Ортаңғы тобының тәрбиешісі А.Мадалиева "Ақ ұлпа қар", Ф.Қашқынбек "Ғажайып математика" атты ашық ұйымдастырылған оқу қызметін өтіп, педагогтар арасында сабаққа талдау жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша тәрбиеші А.Мадалиева сөз алып, балалардың білім деңгейі жайлы айтты бастапқы мониторинг бойынша 88% жоғары деңгейді көрсетсе, аралық мониторингте бұл көрсеткіш 9%-ке көтерілген, демек орта және жоғары деңгейлі балалар 87% құрады.

Алдағы уақытта баланың орта және жоғары деңгейін көтеру үшін, баламен жұмыс жүргізуді жоғары деңгейде ұйымдастыратындарын айтты.

Әдіскер М.Калиаскарова балабақшаға таңертеңгі келген уақыттан бастап күн тәртібі бойынша сауықтыру шараларын (таңғы жаттығу, қимылдық ойындар, сергіту сәттері, серуен кезіндегі спорттық ойындар мен жаттығулар, спорттық мерекелер, ойын – сауықтар) өткізетіндігіміз туралы айтып, дене шынықтыру оқу қызметі балаларды қимылға үйретудің негізгі қалыбы болып табылатындығын айтты. Ол әрбір жас топтарында аптасына 3 рет өткізіледі. Дені сау, рухы таза ұрпақ өсіру ең маңызды мәселе дей отырып, біздің балабақшадағы басты міндетіміз: баланың денсаулығын нығайту, шынықтыру, түрлі аурулардың алдын-алу сақтану жұмыстарын дәстүрден тыс әдістерді қолдану арқылы жүргізіледі.Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырады. Оған :

Шынықтыру жұмыстары күн, су, ауа, су құю, сүртіну
Дене шынықтыру оқу іс- әрекеті таза ауадағы қимылдық ойындар.
Денсаулықты жақсарту мәселелерін шешу әдістері.
Дәрумендер теропиясы
Психо жаттығулар
Жалпақ табан, омыртқаның қисаюының алдын- алу.
Дем алу, сергіту жаттығулары.
Осы кесте бойынша барлық топтарда жұмыстар жүргізілетіндігін айтып өтті
М.Калиаскарова сөз алып, өтілген ашық оқу қызметінің жақсы өтілгендігін, қатынас саласының «Алтын күз» тақырыбы балалардың сөйлеу мәнерінің дамуына , ой-өрісінің дамуына үлкен септігін тигізетіндігін айтып өтті. Алдағы уақытта осындай ашық сабақтарда барлық педагогтардың мұқият қатысып, ой түртіп алуын ескерте кетті. Сонымен қатар ашық оқу қызметінде көрнекіліктердің өте керемет екендігін, балалардың назарын тәрбиеші бірден өзіне қарату жағдайының бар екендігін айта өтті, бұл дегеніміз балардың сабаққа қызыға қарайтындығын көп нәрсені ойына түйетіндігін айта өтті.
Ашық оқу қызметінің жақсы дәрежеде өткендігін айта келе тақырып, көрнекіліктер жас ерекшелігіне сай екендігін айтты. Балалардың әр оқу қызметінде белсене қатысатындығының көрініп тұрғандығын айта кетті.

Оқу жылында балалардын денсаулығын сактау және нығайту үшін әртүрлі жағдайлар жасалды. Балаларды женіл киіммен жүруді, таза ауада болуды, күн тәртібі бойынша, дене шыңықтыру жаттығуларына, қимылды ойындарға қызығушылық көрсетуге үйренді. Күнде 8-10 минут көлемінде таңертенгілік гимнастика өткізілді. Жыл барысында балаларға гигиеналық этикалық дағдылар үйретілді. Барлық тәрбиенушілер қол жууды, әсіресе ас алдында, серуеннен келгенде, өзінін жеке сүлгісімен сүртінуды біледі. Жеке заттарымен - тарақ, жеке орамалмен қолдануды уйренді. Дастархан басында сөйлемеуді меңгерді. Киімдерді дурыс шешіп және оны ретімен орындық басына жинап қоюды, көмексіз киінуды үйренді. Айналамен таныстыру жұмысы жүйелі жүргізілді. Біз қоршаған ортанын жақын нысандарымен балаларды таныстырдық. Әлеуметтік өмірдің құбылыстарымен, үлкендердін еңбегі туралы мағлумат бердік. Көп көңіл балалардың табиғат біліміне аударылды. Құстар, үй жануарлар, жабайы аңдарды ажырата біледі. Біз табиғи құбылыстар – жапырақ түсу, қар жауу, гүлдер, талдар түрлерін т.б табиғат тамашаларын бақылауды үйреттік.

Қазір балалар амандасу, қоштасуды, сұрану деген сөздерді жақсы біледі. Әр түрлі сұрақтарға жауап береді.

Жарты жылдықта 2 рет ата аналармен жиналыс өткізілді. Жиналыста ағымдағы мәселелер талқыланды. Ата аналар комитеті сайланды. Балаларға қатысты кеңестер берілді. Төлемақы туралы ескерту айтылды.

Шешім:

1. Өткен әдістемелік кеңес отырысының шешімі қанағаттанаралық деп танылсын.
2. Баланың білім деңгейін көтеру үшін жүйелі жұмыстар жүргізілсін.
3. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы талап етілсін.
4. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру қолға алынсын.
5. Тәрбиеші жұмысы жандандырылсын, жыл соңында қорытынды есеп берілсін.

Жиналыс төрайымы: **М.Калиаскарова**

Хатшы: **Ф. Алдангарова**

№4 педагогикалық кеңес хаттамасы

Қатысқандар: 9 10.01.2021 ж

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жарты жылдықтығы аралық мониторинг қорытындысы
2. Баяндама «Қиын отбасындағы бала психологиясы»
3.Педагогтармен тәрбиешіліердің жарты жылдық есебі.
4.Тәрбиешілердің шығармашылық тақырып бойынша өткізілген іс-шаралары.

ТЫҢДАЛДЫ:

Балабақша әдіскері М.Калиаскарова өткен педагогикалық кеңестің шешімінің қаншалықты орындалғанына есеп берді. Еңбасты мәселе бала денсаулығының жақсы қалыптасуы мәселесі екендігін ескере отырып, айтылып өтілген кенестерді әрбір оқу қызметінде қолданылуы қадағаланып жатқандығын айтты. Денсаулықты нығайту мақсатында түрлі спорттық сауықтыру жұмыстарын ұйымдастырудың кестесін көрсетті. Балабақшада өтетін ертеңгіліктер мен ашық ұйымдастырылған оқу қызметінің кестелерінің бекітілгенін толық баяндады. Одан әрі қарай бүгінгі қарастырылатын мәселелерге көңіл бөлді. Балабақша тәрбиешілері бес білім беру саласы бойынша балалардың даму мониторингісінің қорытындысын баяндап есептерін тапсырды. Бес білім саласы бойынша балалардың даму мониторингі жақсы деп бағаланды.

А.Кәрібай: Ұрпақ тәрбиесі қай заманның, қай қоғамның болсын негізгі мәселелері болып келгендігі дәлелдеуді қажет етпейдігін айта келе, тәрбие ана сүтінен басталып, біреудің біреуге ықпалы арқылы өмір бойы қалыптасатын күрделі құбылыс екендігін айтты... Пайдасыз әдістердің зиянды салдарын түзеу үшін, жан-жақты ойластырылған, ғылыми негізделген психологиялық – педагогикалық жүйе болуы керек. Бұл жүйенің ерекшелігі – «қиындардың» түзелу мүмкіндігіне ғана емес, сонымен бірге олардың рухани жағынан да бүтіндей қайта өзгеретіндігіне кәміл сену қажеттігінде деп, Қиын отбасыдағы баланың психологиясы жайлы бірнеше дәлелдеулер айтып өтті. Қиын отбасыдағы балалардың психологиясын бақылау мақсатында мыналарды ұсынды.

1. Бақылау – баланың іс- қимылын, сөзін әртүрлі іс- шаралардан, оқу қызметіне ынтасын байқау.
2. Әңгімелесу- баламен сөйлесу арқылы оның ішкі дүниесіне ену, проблемасын білу,түсіну және оны шешуге бағыт - бағдар сілтеу.
3.Сауалнама- арқылы бала туралы ақпарат жинау. Сауалнаманың мазмұнында

ізгі проблема ғана болуы тиіс. Ойы, мінезі, әлеуметтік демографиялық жағдайы, белгілі бір бағыт бойынша қызығушылығы.

Сұрақтар мынандай түрде болуы мүмкін:

Сұрақ (дайын жауаптардан керегін бала өзі таңдап алады.)

Өз бетімен жауап беру

Тура жауаптар

Жанама жауаптар

4.Сұхбаттасу - алдын ала дайындалған сұрақтарға жауап алу. Сұхбаттасу мынандай түрде болуы мүмкін:

қарапайым жағдайда сөйлесу баланың үнемі болатын ортасында сұхбаттасу

жауап беру мүмкіндігін ескеру-белгілі бір уақыт ішінде жауап беру керектігін

айту үшінші адамның көмегінсіз әңгімелесу;

Мысалы: «Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу.» қажеттігін айтып өтті.

М.Калиаскарова: балабақшаның жарты жылдық жылдық есебін баяндады. Жарты жылдық есеп бойынша балабақшада атқарылған жұмыстар, өткізілген ертеңгіліктер,семинарлар, жиналыстар, ата-аналармен жұмыстар, оқу тәрбие жұмыстары толығымен баяндалып, қағаз жүзінде өткізілді. Одан әрі қарай кезегімен әр топ тәрбиешілері өздерінің жарты жылық есептерін тапсырды. Тәрбиешілер жылдық есептерін, іс қағаздарын, ашық ұйымдастырылған оқу қызметтерінің жоспарын , жүргізген жұмыстарын қағаз жүзінде өткізді.

Күн тәртібіндегі 4 –мәселе бойынша бейнелеу өнерінің жас маманы Х.Абуталип баяндамасы тыңдалды. «Жапсыру» және «Мүсіндеу» оқу қызметінде пайданылатын құрал - жабдықтар сирвировкасы мен оларды қолдану тәртібі туралы төмендегідей мағлұмат берді. Жапсыру жұмысы балаларды пішіндермен таныстыру арқылы жүргізіледі. 2 –ден – жас аралығында алғашқы жапсыру жұмыстарында балалар пішіндерден зат, құрастыруды үйренеді. Балалар дайын пішіндерді өз орнына орналастыру арқылы үйшік машина, мұнара, аққала, арба, сәнді көйлектің түймелері, ыдыстағы жемістер тақырыбында жапсыру іс-әрекеттерін орындайды. Содан соң балаларға тік төтбұрыштың ұшын қайшымен бір басып қию әдісі арқылы шарлар, шырша шамдары, алмалар, жаңғақтар, құлпынайлар, доптар қидырылып желіммен қағаз бетін бағдарлап ортасына желімдеп жапсыру әдістері үйретіледі.3 жастан 4 жас аралығында бала қолына қайшы ұстауды үйрену қажет. Себебі бұл жасқа дейін ол жапсыру жұмыстарын дайын пішіндерді орнына орналастыру арқылы жасаса,ендігі жас кезеңінде ол қағазды қию және желімдеу әдістерімен танысады.Оны тәрбиеші немесе ересек адам үлгі көрсету арқылы үйретеді.Әрі қарай қию тәсілі күрделенеді.Балаға қайшыны бірнеше рет басып тік қию арқылы тік төртбұрыштарды қиып алу үйретіледі.Бұл әдістермен түрлі доптар,шарлар,шырша ойыншықтары

ылады.Содан соң қағазды екі бүктеп қию әдісі үйретіледі. Пішіндер мен әрнектерді орналастыруда пысықталады,қағаздардың түс үйлесімділігіне мұқият зейін аударылады. 5 жастан 6 жасқа дейінгі балаларға сюжетті жапсырмаларды қабаттап бүктеу арқылы қиып алу және жапсыру әдістері үйретіледі.

1. Сөз сөйлеген: Тәрбиеші Ф.Қашқынбек мүсіндеу жұмысын үйрету әдістері атап өтті.Ермек саздан мүсін жасау балалардың сүйікті жұмысы, бірақ мүсінді қалай жасау керек әдістерін міндетті түрде ересек адамдар үйретеді. Балаға мүсінді жасату алдында оның жасайтын мүсінге қызығушылығын көтеру қажет,содан соң оны жасау әдістерін үйрету мен оны тамашалау, әңгімелеу, сипаттау жұмысы жүргізіледі. Мүсіндеу әдістері бір қалыптан бастап көрсетіледі: 2 жаста 3 жас аралығында саз балшықты алақан арасында дөңгелету әдісімен доптар, шарлар, нандар, күлшелер жасау үйретіледі. 3 жастан -4 жас аралығында саз балшықтан жасаған дөңгелектерді алақан арасында есу арқылы шұжықтарды,тесік бөлшектерге табақтарды жасау ұсынылады. 4 жас пен 5 жас аралығында ермек саз-пластилин қолданылады.Одан жоғарыда атап көрсетілген әдістерді пысықтау негізінде бөлшектерге бөліп,еселеу әдісімен заттың мүсінін жасау үйретіледі.Сонымен бірге сылау,таңбалау әдісін қолдану үйретіледі деп міндеттеп алды.

ШЕШІМ:

1. Ата-ана мен баланың қарым-қатынасындағы қаталдық көріністерін зерттеу тәрбиешіге жүктелсін.
2. «ҚР МЖМБС-на сай оқу іс-әрекеттерді сапалы ұйымдастыру ісін жандандыруда педагогтар озық тәжірибелерді қолдануды одан әрі арттырсын.
3. Балаларға сылау,таңбалау әдісін қолдану үйретілуі міндеттелсін

Жауапты тәрбиеші Х.Абуталип

Педагогикалық кеңес төрайымы М.Калиаскарова

Хатшы Ф.Алдангарова

Педагогикалық кеңестің хаттамасы

№ 5 хаттамасы

Қатысқаны: барлық педагогтар 2021-2022ж

Күн тәртібінде

1.Балалардың білім көрсеткіші аралық индикаторының нәтижесі.

2.Гигиена және санитарияны сақтау жөніндегі нұсқама.

1. Бірінші мәселе бойынша сөз кезегін әдіскер Раушан Кулманова алып, балалардың білім көрсеткіші аралық индикаторының нәтижесіне қатысты ой білдірді. Әрбір баланың жетістіктері қорытынды диагностикасы бойынша бағаланады, ондағы іс-әрекеттің негізгі нәтижесі білім, дағдылар жүйесімен қатар дамуда ілгерілеу, оның білім көрсеткіші деңгейінен көрінеді. Баланың негізгі білім көрсеткіші оның дамуының негізгі нәтижелері ретінде баланың жеке ерекшеліктерін қарастырады, тұтас алғанда, оның қабілеттілігін, ықыласын, қарым-қатынастағы, іс-әрекеттегі, ақпаратпен жұмыс істеудегі, өмірде түрлі қолжетімді міндеттерді шешудің тиімді нұсқаларын таба білу белсенділігін көрсетеді. Мұнда білім сапасы нәтижесінің мақсатты бағдарлары мен көрсеткіштері ретінде баланың аралық индикаторларының нәтижесі, яғни баланың тұтас даму деңгейінің көрсеткіштері болады.

Индикаторлар жүйесінің сапасы бірқатар жағдайларға байланысты:

- әр баланың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және ата-аналардың тілегіне негізделген білім берудің гуманистік жүйесін қамтамасыз ету;
- педагогикалық бағалаудың бала жетістіктерінің шамамен алғандағы көрсеткіштеріне бағытталуы;
- білім беру процесін аса көп реттеуден іс-әрекетті еркін таңдау;
- шығармашылық және жеке даралықты көтермелеуге ауысу.

Балалардың білім көрсеткіші аралық индикаторының нәтижесі негізінде бала дамуының жеке картасы толтырылды. Осы болжау картасы және бақылау парағы баланың дамуының траекториясын құруға мүмкіндік беріп отыр. Білім берудің бес саласында да балалардың даму көрсеткіші жалпы жас ерекшеліктеріне сай көрсеткішті көрсетуде.

Денсаулық сақтау бойынша

І денгей-**3,8%**
ІІ денгей-**62,5%**
ІІІ денгей - ***33,6%***

Коммуникация бойынша

І-денгей-***2,9%***
ІІ денгей-***60,8 %***
ІІІ денгей ***-35,3%***

Таным бойынша

І-денгей-***2,5%***
ІІІ денгей ***-68,9%***
ІІІ денгей- ***28,9%***

Шығармашылық бойынша

І-денгей-***1,7%***

ІІ денгей -***58,2%***

ІІІ денгей- ***38,7%***

Әлеумет бойынша

І-денгей-***0,8%***

ІІ денгей – ***41,7%***

ІІІ денгей- ***27,2%***

2. Медбике Сарсенова Кәмшат Тағыбергеновна гигиена және санитарияны сақтау жөніндегі нұсқамаға сүйене отырып, өзінің сөз кезегінде топтардың гигиенасы мен санитариялық жағдайын бақылауда ұстайтынын айта өтті. Санитариялық-гигиеналық ережемен белгіленген бекітілген ғимараттың санитариялық жағдайының сәйкестігі қамтамасыз етілуде. Топтағы құрал-жабдықтардың, жиһаздардың санитариялық жағдайлары сақталуда.

Балабақша ғимаратындағы барлық топ бөлмелері мен жабдықтарының тазалығы бақыланады. Күн сайын дезинфекциялау құралдарын қолдану арқылы топтар тазалық жұмыстарын жүргізеді.

Санитариялық аспаптардың саны мен өлшемі пандемияға байланысты қарастырылған өлшемге сай санитариялық қағидаларға сәйкес көзделді.

Жинау жүргізу үшін нормалау құжаттарына сәйкес қолдануға рұқсат етілген дезинфекциялау құралдары пайдаланылады.

Санитарлық ережелер және нормалар медициналық қызмет көрсету және тазалық тәртібіне үйретуге қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптардан тұрады. Балалардың дене және гигиеналық тәрбиесі бойынша күн тәртібін ұйымдастыру бойынша жүйелі жұмыс атқарылуда.

Қаулы етеді:

1. Балалардың білім көрсеткіші аралық индикаторының көрсеткішін одан әрі көтеру мақсатында жұмыстанып, сол бағыттағы жасалып жатырған жұмыстар нығайтылсын.

Жауапты: әдіскер

Бақылаушы: меңгеруші

2. Гигиена және санитарияны сақтау жөніндегі нұсқамаға сай дезинфекциялау, тазалау шаралары күнделікті, нормаға сай жүргізілсін және қадағалансын.

Жауапты: медбике

Бақылаушы: меңгеруші

Төрайым: М.К.Калиаскарова

Хатшы: Ф.Алдангарова